

ЖАҢАЛЫҚТАР

Непалдағы жойқын сел: жүздеген адам қаза болды

27 тамыз 2026 жыл, 09:17



Непалдағы Тришули қаласы жойқын селден кейін.

Непал мен Қытайға жақын шекара аумағында жойқын сел болып, кейінгі мәлімет бойынша кемінде 160 адам қаза болды. Жүздеген адам із-түзсіз жоғалды, арасында туристер де бар. Жоғалғандар арасында АҚШ, Ұлыбритания, Үндістан, Непал, Ресей, Украина азаматтары бар деп айтылады.

Бұған дейін су тасқынына сәрсенбі күні таңертең болған кішігірім жер сілкінісі себеп болуы мүмкін деген болжам айтылған. Бірақ АРР-дің жазуынша, АҚШ геологиялық қызметі кейінгі хабарларында жер сілкінісі болмағанын, ал тербеліс лай көшкінінен туындағанын жазған.



Ravi Pandey 
@ravipandey2643 · Follow



A horrific scene of severe flooding at the Rasuwagadhi border point on the Nepal-Tibet border.
The strong currents wreaked havoc across the area, leaving 400 pilgrims and 105 Indian tourists also missing in the Nepal floods.

[#NepalFloods](#) [#Nepal](#) [#Rasuwa](#) [#FlashFlood](#) [#Floods](#)



Оқиға орнынан түсірілген тексерілген видеода лай аралас жойқын селдің тұрғын үйлер мен құрылыстарды шайып кеткенін көрсетеді деп жазды Reuters. Видеоға қарағанда, толқын өте биік.

Радио Свобода / Radio Svo...  



Радио Свобода / Radio Svobod...

По последним данным, подтве...



Разрушительная стихия в Непале: спутниковые снимки

На видео ниже – сравнение спутниковых снимков русла реки Трешули в районе одноименной ГЭС до и после схода селевых потоков, вызванных землетрясением. Среди более чем 150 жертв и сотен пропавших без вести – много иностранных туристов и паломников, возвращавшихся из Китая (Тибета) через пограничный пункт "Расувагадхи" в Непал и Индию после поездки к священной для индуистов и буддистов [горе Кайлас](#). Также числятся пропавшими без вести [более 50 граждан Украины](#). Посольство РФ в Катманду [сообщает](#) о потере связи с четырьмя находившимися в зоне бедствия россиянами.

 [Сайт без ВПН](#) | [YouTube](#) | [X](#) | [Instagram](#) | [Рассылка](#)

 60  25  10  1

5.23K  edited Aug 26 at 19:11

Зардап шеккендердің саны белгісіз.



Непал, 26 тамыз 2026 жыл.

Непал премьерінің кеңсесі 26 тамыз кешке 500-ге жуық турист із-түзсіз жоғалғанын хабарлады, арасында 400 шақты шетелдік барын мәлімдеді.

Украина сыртқы істер министрлігінің мәліметінше, із-түзсіз жоғалғандар арасында 50 украин бар. Бұл жөнінде Азаттықтың Украин қызметі [хабарлады](#).

Жоғалғандардың арасында "Расувагадхи" шекара бекеті арқылы Непал мен Үндістанға Қытайдан (Тибет) – индуизм мен будда діні өкілдері үшін киелі [Кайлас](#) тауына барып, қажылықтан қайтып келе жатқандар да болған.

Непалда кемінде 162 адамның қазасы расталған. Қытай шекарасы маңында 265 адам жоғалған, кемінде үш адам опат болғаны белгілі.

Жергілікті тұрғындар арасында қанша адамның жоғалғаны белгісіз. Әзірге 35 полицей мен 44 әскери қызметкермен байланыс үзілген.



Селден кейінгі Непал. 26 тамыз 2026 жыл.

Қытай билігі табиғи апат орнын шолу үшін тікұшақ жібермек болған, алайда оған қатты жел бөгет болған. Ал Непал полициясы тікұшақтың көмегімен 88 адамды судан **құтқарған**. Аймаққа баратын жолдарды су басуы құтқарушылардың жұмысын қиындатып отыр. Непал үкіметі Қытай мен Үндістаннан көмек сұрағанын **мәлімдеді**.